Жобалау-сметалық құжаттарды мемлекеттік сараптамадан өткізу бойынша түсіндірме

«Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434 Заңының 39-бабы 3-тармағы 36) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434 Заңының 39-бабы 4-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен **форматтық-логикалық бақылауды** ескере отырып жүзеге асырылады.

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 Заңының 64-3-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **мемлекеттік монополияға** жатқызылған құрылыс жобаларына (техникалық-экономикалық негіздемелер мен жобалау-сметалық құжаттама) ведомстводан тыс кешенді сараптама.

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 Заңының 64-3-бабы 1-тармағына сәйкес мемлкеттік монополияға жататын ведомстводан тыс кешенді сараптаманы **мемлекеттік сараптама ұйымы** жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 қаңтардағы №88 Қаулысымен облыс орталықтары мен Ақмола және Алматы қалаларындағы еншілес мемлекеттік кәсіпорындарымен жобаларға мемлекеттік ведомстводан тыс сараптама (Мемлекеттік сараптама) құрылды.

Мемлекеттік сатып алу порталының **форматты – логикалық бақылау** ережесінде Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны **(«Мемсараптама» РМК) шарт жасау айқындалған.**

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434 Заңының 41-бабына орай, Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру:

1. Осы Заңның 39-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылданған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіні айқындайды және онымен мемлекеттік

сатып алу веб-порталы арқылы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасылатындығы көрсетілген.

Осы орайда, «Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Манап ауылдық округінің экологиялық жағдайын және сумен қамтамасыз етілуін жақсарту үшін «Манап» су қоймасына күрделі жөндеудің жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу» және «Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Ақүйік ауылдық округінің экологиялық жағдайын және сумен қамтамасыз етілуін жақсарту үшін «Көлтоған» су қоймасына күрделі жөндеудің жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу» жұмыс жобасы бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу жұмыстарына «Мемсараптама» РМК-мен шарт жасасу қажет.

Басқарма басшысы **С. Сермағамбетов**